



БҮІРҮҚ

10.05.2023

Astana qalasy

ПРИКАЗ

№ 01-09/54

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесіне «Дене тәрбиесі және спорт» 01140500 мамандығы, «Спорт жаттықтырушысы-оқытушы» 4S01140503 біліктілігі бойынша 2023-2024 оқу жылына білім алушыларды қабылдау ережесін бекіту туралы

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына, «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 125804 болып тіркелген) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 69 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 85704 болып тіркелген) Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалаларының, астананың мектеп-интернаттары қызметінің қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесіне (одан әрі – Мекеме) «Дене тәрбиесі және спорт» 01140500 мамандығы, «Спорт жаттықтырушысы-оқытушы» 4S01140503 біліктілігі бойынша 2023-2024 оқу жылына білім алушыларды қабылдау ережесі (одан әрі – 2023-2024 оқу жылына қабылдау ережесі) осы бұйрықтың

№ 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Колледж оқу бөлімінің әдіскері Д.С. Жусупназаров Мекеменің интернет-ресурсында, сондай-ақ ақпараттық стендте 2023-2024 оқу жылына қабылдау ережесін 2023 жылдың 1 маусымына дейін орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Ж. Молдашаеваға және колледж оқу бөлімінің әдіскері Д.С. Жусупназаровқа жүктелсін.

Директор



М. Сапашев

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекеме директорының 2023 жылғы _____ № 01-03/23 бұйрығына № 1-қосымшасы



05

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесінің «Дене тәрбиесі және спорт» 01140500 мамандығы, «Спорт жаттықтырушысы-оқытушы» 4S01140503 біліктілігі бойынша 2023-2024 оқу жылына білім алушыларды қабылдау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесінің «Дене тәрбиесі және спорт» 01140500 мамандығы, «Спорт жаттықтырушысы - оқытушы» 4S01140503 біліктілігі бойынша 2023-2024 оқу жылына білім алушыларды қабылдау ережесі (одан әрі – 2023-2024 оқу жылына қабылдау ережесі) техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламасын іске асыратын «Дене шынықтыру және спорт» 01140500 мамандығы, «Спорт жаттықтырушысы-оқытушы» 4S01140503 біліктілігі бойынша күндізгі оқу бөліміне білім алушыларды қабылдау тәртібін реттейді.

2. 2023-2024 оқу жылына қабылдау ережесі «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (одан әрі – Заң), «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 125804 болып тіркелген) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына (одан әрі – Оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары) және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 69 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 85704 болып тіркелген) Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттары қызметінің қағидаларына (бұдан әрі – Қағида)

сәйкес және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК немесе мекеме, немесе көрсетілетін қызмет беруші) «Дене тәрбиесі және спорт» 01140500 мамандығы, «Спорт жаттықтырушысы-оқытушы» 4S01140503 біліктілігі бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес республикалық бюджеттен қаржыландырылатын техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жүзеге асырылады.

4. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік), жоғары (жоғары кәсіптік) білімі бар, сондай-ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасына отбасына қосылу мақсатында келген шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады.

Стипендиялық бағдарламалар бойынша білім алатын адамдарды қоспағанда, шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік білім алуға құқығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

5. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК оқуға түсу кезінде Заңның 26-бабының 8-тармағында айқындалған адамдар үшін қабылдау квотасы көзделеді, оның мөлшері «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен (бұдан әрі - № 264 қаулы) бекітіледі.

2. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК білім алушыларды қабылдау. Құжаттарды қабылдау және қабылдау емтихандарын өткізу тәртібі

6. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК техникалық және кәсіптік білімі бар орта буын кадрларын даярлау бойынша тұлғалардың оқуға өтініштерін мемлекеттік тапсырыс бойынша жалпы орта білім базасында «Дене тәрбиесі және спорт» 01140500 мамандығы, «Спорт жаттықтырушысы-оқытушы» 4S01140503 біліктілігі бойынша күндізгі оқу бөліміне 2 жыл 10 ай мерзімі негізінде қабылдайды.

7. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау, әңгімелесу өткізу, білім алушылар құрамына қабылдау үшін ағымдағы күнтізбелік жылдың 10 маусымынан кешіктірмей Мекеме директорының бұйрығымен қабылдау комиссиясы құрылады, ол мүшелердің тақ санынан тұрады. Қабылдау комиссиясының құрамына Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК жұмыскерлері, Қамқоршылық кеңестің өкілдері (болмаған жағдайда-жұмыс берушілердің өкілдері) және қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

Комиссия мүшелерінің ішінен жауапты хатшы тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы Мекеменің директоры немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

8. Қабылдау комиссиясы жұмысына жалпы басшылық ету жауапты хатшыға жүктеледі, ол азаматтарды қабылдауды, қабылдау мәселесі бойынша азаматтардың жазбаша сұраныстарына жауап береді, қабылдау комиссиясының ақпараттық материалдарын жариялауға дайындайды, кеңес (консультация) және қабылдау емтихандарының даярлығын, жүргізілуін ұйымдастырады, жазбаша емтихан жұмыстарының шифрленуін және де шифрленуін жүргізеді.

9. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК арнайы және шығармашылық емтихандар өткізу үшін ағымдағы күнтізбелік жылдың 20 маусымынан кешіктірмей емтихан комиссиясы құрылады. Емтихан комиссиясының құрамына дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган өкілдері, Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК жұмыскерлері, спорт түрлері бойынша мемлекеттік жаттықтырушылары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді. Емтихан комиссия мүшелерінің көп дауысымен комиссияның төрағасы сайланады. Емтихан комиссиясының құрамы Мекеме директордың бұйрығымен бекітіледі.

10. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда қабылдау комиссиясының жұмысын білім беру ұйымы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізеді.

11. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК білім алушыларды қабылдау ережесі ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 маусымынан кешіктірмей Мекеменің www.kazhimukansportmektebi.kz интернет-ресурсында және ақпараттық стендерде жарияланады.

12. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК оқуға түсетін тұлғалардың өтініштерін қабылдау күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 15 тамызына дейін мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша педагогикалық мамандықтар бойынша орта буын кадрларын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысанына жүзеге асырылады.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін түсушілер не олардың заңды өкілдері (егер түсуші кәмелетке толмаған болса) (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) Қағидаларға сәйкес еркін нысанда көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне не «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы өтініш береді www.egov.kz (бұдан әрі - портал) «Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) және Қағиданың 1-қосымшасы мен осы 2023-2024 оқу жылына қабылдау ережесінің 1-қосымшасында көрсетілген құжаттарды қоса, еркін нысандағы өтінішті береді.

14. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК колледждің бірінші курсына түсуге арналған құжаттар оқуға түсушінің немесе оның заңды өкілдерінің жеке өзі қабылданады.

15. Оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 9-тармағында көрсетілген оқуға түсушілердің қабылдау квотасы көзделген адамдарға тиесілігін растайтын құжаттар күнтізбелік жылдың 15 тамызына дейін Қ. Мұңайтпасов ОРРММИКК қабылдау комиссиясына ұсынылады.

Қ. Мұңайтпасов ОРММИКК қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 25 маусымынан бастап Қ. Мұңайтпасов ОРММИКК сайтында орташа конкурстық балды көрсете отырып, қабылдау квотасы көзделген талапкерлер мен тұлғалардың тізімдік құрамын қалыптастырады.

16. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРММИК ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқуға қабылдау медициналық-әлеуметтік сараптаманың (медициналық анықтаманың) ұсынымдары мен қарсы көрсетілімдері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

17. Арнайы және шығармашылық емтихандарына, сондай-ақ психометриялық тестілеуде қатысу үшін мүгедек балалар және мүгедектер (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша мүгедектігі туралы анықтама ұсынған кезде, қажет болған жағдайда, мемлекеттік комиссия төрағасының атына:

1) жеке аудитория ұсыну;

2) көру, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедек балалар мен мүгедектерге арналған арнайы және шығармашылық емтихандар шеңберінде тапсырылатын пәндердің мұғалімі болып табылмайтын көмекшінің және (немесе) есту қабілеті бұзылған мүгедек балалар мен мүгедектер үшін ымдау тілін білетін маманның қажеттілігі туралы еркін нысанда қосымша өтініш бере алады.

18. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері құжаттарды кеңсеге немесе портал арқылы тапсырған сәттен бастап 4 (төрт) сағат ішінде ұсынылған құжаттардың осы Тізбеге және Қағидалардың 5-тармағында көзделген талаптарына толықтығын және сәйкестігін тексереді.

Ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтініштің көшірмесіне күні мен тегін көрсете отырып, қабылданғаны туралы белгі қояды, порталда – көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жібереді.

19. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және көрсетілетін қызметті алушыға Қағидалардың 1-1-қосымшасына және осы 2023-2024 оқу жылына қабылдау ережесінің 1-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан дәлелді бас тарту береді, порталда – көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жолдайды.

20. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдауға жауапты қызметкерінің күні мен тегі көрсетілген қабылдау туралы белгісі бар өтініштің көшірмесі, сондай-ақ осы 2023-2024 оқу жылына қабылдау ережесінің 1-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті

алушыдан құжаттарды алғаны туралы қолхат не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Порталда – көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама немесе көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап орналастырылады.

21. Мемлекеттік қызметті көрсету орнының мекенжайы: Астана қаласы, Бөгенбай батыр даңғылы, № 5-үй, бұл мекенжай Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында: www.gov.kz/entities/mcs «Қызметтер» бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты Мекеменің интернет-ресурсында көрсетілген телефондар арқылы немесе бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары арқылы алуға болады.

22. Қ. Мұнайтпасов атындағы ОРРММИК оқуға түсуші тұлғалар арнайы және шығармашылық емтихандар, сондай ақ психометриялық тестілеу (кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу) тапсырады. Арнайы және шығармашылық емтихандарды өткізу тақырыптарын Қ. Мұнайтпасов атындағы ОРРММИК өз бетінше белгілейді.

23. Орта буын кадрларын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілерге арналған арнайы және шығармашылық емтихандары:

1) жалпы орта білімі бар тұлғалар үшін төрт пән бойынша: арнайы емтихандар – міндетті пәндер/пәндер: қазақ тілі (мемлекеттік тілде оқитындар үшін) немесе орыс тілі (орыс тілінде оқитындар үшін), Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән (биология), сондай-ақ шығармашылық емтихандар – жалпы дене шынықтыру даярлығы (бұдан әрі – ЖДД) және таңдалған спорт түрі бойынша арнайы дене шынықтыру даярлығы (бұдан әрі - АДД) бойынша нормативтер;

2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар, мамандық бейініне сәйкес келмейтін тұлғалар үшін төрт пән бойынша: арнайы емтихандар – міндетті пәндер/пәндер: қазақ тілі (мемлекеттік тілде оқитындар үшін) немесе орыс тілі (орыс тілінде оқитындар үшін), Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән (биология), сондай-ақ шығармашылық емтихандар – жалпы дене шынықтыру даярлығы (бұдан әрі – ЖДД) және таңдалған спорт түрі бойынша арнайы дене шынықтыру даярлығы (бұдан әрі - АДД) бойынша нормативтер;

3) мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін әңгімелесу түрінде өткізіледі.

24. Арнайы және шығармашылық емтихандары, сондай-ақ психометриялық тестілеу (кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу) бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі. Кестені түсу емтихандарының өтетін күні мен уақытын, орнын көрсете отырып Мекеменің директоры 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей емтихан өткізерден алдын ала бекітеді және оны Мекеменің ақпараттық стендтері мен және интернет ресурстарында орналастырады.

25. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда арнайы және шығармашылық емтихандары, оның ішінде

психометриялық тестілеулер (кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу) жүргізілмейді.

26. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 25 маусымынан бастап білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейіндік пәндер бойынша бағалардың немесе шығармашылық конкурстың және/немесе басқа да арнайы конкурстардың нәтижелері бойынша бағалардың жиынтық балын көрсете отырып, Білім туралы заңының 26-бабының 8-тармағына сәйкес қабылдау квотасы көзделген талапкерлер мен тұлғалардың тізімдік құрамын білім беру ұйымының сайтында қалыптастырады және оның күн сайын жаңартылуын қамтамасыз етеді.

27. Арнайы және шығармашылық емтихандардың нәтижелері арнайы және шығармашылық емтихандар өткізілетін күні Мекеменің ақпараттық стендтінде немесе интернет-ресурсында орналастырылады.

28. «Дене тәрбиесі және спорт» 01140500 мамандығы, «Спорт жаттықтырушысы – оқытушы» 4S01140503 біліктілігі бойынша арнаулы емтиханды өткізу нысаны Оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 4 және 5-қосымшаларына сәйкес жүзеге асырылады және келесіні қамтиды:

1) психометриялық тестілеу (кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу);

2) мамандандыру бойынша нормативтерді тапсыру.

29. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК оқуға түсетін тұлғалар үшін оқудың күндізгі нысанына түсу емтихандары **ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 мен 28 тамыз** аралығында өткізіледі.

30. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК оқуға түсетін тұлғалар осы Ережеде көрсетілген 2-қосымшаға сәйкес және Мекеме директордың 2023 жылғы 11 мамырдағы № 01-09/63 бұйрығымен бекітілген 2023-2024 оқу жылына арналған таңдаған спорт түрі бойынша жалпы дене шынықтыру даярлығы мен арнайы дене шынықтыру даярлығы бойынша оқушы-спортшыларға арналған қабылдау, бақылау-аудару нормативтеріне сәйкес ЖДД және АДД бойынша шығармашылық емтихандар тапсырады.

31. Арнайы және шығармашылық емтихандардың кестесін (емтихан өткізу нысаны, өткізілетін күні, уақыты мен орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және тиісті емтихандар өткізілгенге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі.

32. Оқуға түсушінің арнайы және шығармашылық емтихандар өткізілетін аудиторияға кіруіне жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде рұқсат етіледі.

33. Арнайы және шығармашылық емтихандар, сондай-ақ психометриялық тестілеу басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнайы және шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

34. Арнайы және шығармашылық емтихандарының өткізу қорытындылары – бағалау ведомостарымен ресімделеді.

Арнайы және шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде:

1) арнайы және шығармашылық емтихандар «2», «3», «4», «5»;

2) психометриялық тестілеу «жіберілді» немесе «жіберілмеді» нысанында бағаланады;

3) арнайы және шығармашылық емтихандар бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған адамдар келесі емтиханға жіберілмейді.

Ескертпе: арнайы емтихандарды, ЖДД және АДД бойынша шығармашылық емтихандарды тапсыру кезінде «2», «3», «4», «5», емтихан нәтижелері бойынша алынған балдарды қабылдау комиссиясы келесі шкала бойынша балға ауыстырады: «2» - 4 балл, «3» - 8 балл, «4» - 14 балл, «5» - 20 балл. Бұл ретте шығармашылық емтихандар бойынша бағалауға мынадай коэффициент қолданылады: ЖДД – 1,5, АДД – 2.

35. Арнайы және шығармашылық емтихандардың, сондай-ақ психометриялық тестілеудің нәтижелері өткізілетін күні Мекеменің ақпараттық стендте немесе интернет-ресурсында орналастырылады.

36. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК оқуға түсушілерге арнайы және шығармашылық емтихандары:

- **бірінші кезең:** ағымдағы күнтізбелік жылдың **25 тамызында:** ЖДД бойынша нормативті (шығармашылық емтихан) тапсыру, Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК «Қажымұқан» спорт кешенінде (Астана қ., Конституция к-сі, № 3-үй) өткізіледі;

- **екінші кезең:** ағымдағы күнтізбелік жылдың **26 тамызында:** АДД бойынша нормативті (шығармашылық емтихан) тапсыру, Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК «Қажымұқан» спорт кешенінде (Астана қ., Конституция к-сі, № 3-үй) және Астана қаласының спорттық кешендер базаларында өткізіледі;

- **үшінді кезең:** ағымдағы жылғы **28 тамызында:**

1) психометриялық тестілеу (кәсіби жарамдылықты анықтау үшін, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу бойынша әңгімелесу), Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК оқу корпусында өткізіледі (Астана қ., Бөгенбай батыр даңғылы, № 5-үй);

2) жалпы білім беру пәндері бойынша емтихан (арнайы емтихан), Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК оқу корпусында өткізіледі (Астана қ., Бөгенбай батыр даңғылы, № 5-үй).

37. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК арнайы және шығармашылық емтихандары түсушілердің өтінішіне сәйкес қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі.

38. Арнайы және шығармашылық емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

39. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда «Дене тәрбиесі және спорт» 01140500 мамандығына түсетін абитуриенттер шығармашылық емтихандарды тапсырудың орнына спорттық көрсеткіштер мен жетістіктер бойынша портфолио тапсырады.

40. Арнайы және шығармашылық емтихандардың, сондай-ақ психометриялық тестілеудің нәтижелерін бағалау кезінде бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу мақсатында, Мекеме директордың бұйрығымен апелляциялық комиссия құрады. Апелляциялық комиссия оның мүшелерінің тақ санынан тұрады. Апелляциялық комиссияның құрамы Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК педагогтары мен басқа да жұмыскерлердің қатарынан құрылады. Бір тестілеу пәні бойынша кемінде екі адам болуы тиіс.

Апелляциялық комиссияның құрамынан оның мүшелерінің көпшілік дауысымен төраға сайланады. Хатшы апелляциялық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

41. Емтихан нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға өтініш береді. Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссияға беріледі емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ге дейін апелляциялық комиссия өтініш берген күннен бастап, өтініш берушінің қатысуымен бір жұмыс күні ішінде қарайды.

42. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және апелляциялық комиссияның барлық мүшелерінің қолдары қойылған хаттамалармен ресімделеді.

43. Олимпиада және Азия ойындарының, Әлем, Азия, Қазақстан Республикасы чемпионаттарының чемпиондары мен жүлдегерлері әңгімелесу нәтижелері бойынша Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК-не қабылданады.

3. Білім алушылар құрамына қабылдау

44. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК оқуға адамдардың құрамына қабылдау Оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 59 және 60-тармақтарына сәйкес есептелетін орташа конкурстық балл негізінде жүзеге асырылады.

45. Оқуға түсушілердің орташа конкурстық балы тең болған жағдайда, бірінші кезектегі тәртіппен ЖДД және АДД бойынша шығармашылық емтиханның нәтижелері ескеріледі.

46. Үміткерлерді конкурстық іріктеу қорытындылары емтихан комиссиясының хаттамасымен ресімделеді және күнтізбелік жылдың 29 тамызынан кешіктірілмей Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК интернет-ресурсында орналастырылады.

47. Қ. Мұңайтпасов ат. ОРРММИК оқуға түсу үшін емтихан барысында, үміткерлер арасында тең нәтиже болған жағдайда, комиссия келесі көрсеткіштерді басымдылық бағалап ескереді:

- 1) спорттық топтарды жасақтау барысында үміткердің жас ерекшелігі;
- 2) жекпе-жек спорт түрлері бойынша Қ. Мұңайтпасов ат. ОРРММИК құрама командаларын жасақтау үшін үміткерлердің салмақ дәрежелерін;
- 3) шығармашылық емтихандар нәтижесіне басымдылық беріледі.

48. Егер бекітілген бос орын санынан асып бірнеше Олимпиада және Азия ойындарының, әлем, Азия, Қазақстан Республикасы чемпионаттарының чемпиондары мен жүлдегерлері қатысқан жағдайда, комиссия бұл үміткерлердің қатысқан спорттық жарыстарының деңгейін (көрсетілген ретпен: Олимпиада және Азия ойындарының, әлем, Азия, Қазақстан Республикасы чемпиондары мен жүлдегерлері, Қазақстан Республикасы халықтар спартакиадасының чемпиондары мен жүлдегерлері; Қазақстан Республикасы кубогінің чемпиондары мен жүлдегерлері, Қазақстан Республикасының жастар ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлері, Қазақстан Республикасының мектеп және колледж оқушылары спартакиадасының чемпиондары мен жүлдегерлері) ескереді.

49. Оқуға түсушілер саны артқан кезде мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға бөлінген орындар саны Оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 60-тармағына сәйкес орташа конкурстық балл, сондай-ақ № 264 қаулыға сәйкес квоталық санат негізінде қабылданады.

50. Қабылдау және/немесе емтихан комиссияларының шешімдері егерде, отырыста оның құрамының үштен екі бөлігі қатысқан жағдайда заңды болып табылады. Дауыс тең болған жағдайда қабылдау және/немесе емтихан комиссиясының басшысының шешімі негізгі шешім болып табылады. Жауапты хатшы қабылдау комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

Қабылдау және/немесе емтихан комиссиясының қорытынды отырысында аудио-немесе бейнежазба жүргізіледі. Аудио-немесе бейнежазба Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК мұрағатында кемінде бір жыл сақталады.

51. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК білім алушыларының құрамына қабылдау 01140500 – «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы, 4S01140503 – «Спорт жаттықтырушы – оқытушысы» біліктілігі бойынша тиісті хаттамамен және Мекеме директордың бұйрығымен бекітілген қабылдау комиссиясының ашық отырысында мамандығы, оқыту тілі бойынша жүргізіледі, бұл ретте көрсетілген бұйрық ақпараттық стендте және Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК www.kazhimukansportmektebi.kz интернет-ресурсында орналастыру арқылы күнтізбелік жылдың 31 тамызында түсушілердің назарына жеткізіледі.

52. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК оқуға қабылдау кезінде Мекеме әкімшілігі білім алушыны немесе оның заңды өкілдерін (егер білім алушы кәмелетке толмаған болса) Мекеменің жарғысымен, білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензиямен, бекітілген Ішкі тәртіп және күн тәртібі қағидаларымен, жатақханада тұру қағидаларымен (егер білім алушы басқа елді мекеннен келген жағдайда) және мекемеде оқу-тәрбие, оқу-жаттығу процестерін қабылдау және ұйымдастыру тәртібін регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

53. Білім алушыларды қабылдау кезінде Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК әкімшілігі білім алушымен не оның заңды өкілдерімен (егер білім алушы кәмелетке толмаған болса) «Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 125804 болып тіркелген) 3-қосымшасына сәйкес білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасасады.

4. Көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

54. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым лауазымды адамның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) беріледі.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешімді немесе әкімшілік әрекетті қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін мемлекеттік органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

55. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттары қызметінің қағидаларына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» РММ «Дене тәрбиесі және спорт» 01140500 мамандығы, «Спорт жаттықтырушысы-оқытушы» 4S01140503 біліктілігі бойынша 2023-2024 оқу жылына білім алушыларды қабылдау ережесіне 1-қосымша

«Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы:		
1. Олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың 5, 6, 7, 8, 9-сыныптарға оқуға түсуге құжаттарды қабылдау.		
2. Олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың 10 және 11 сыныптарға оқуға түсуге құжаттарды қабылдау.		
3. Олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың бірінші курсына түсуге құжаттарды қабылдау.		
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі

		арқылы немесе "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне немесе портал арқылы құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 4 (төрт) сағат. Құжаттар топтамасын тапсыруға арналған ең жоғары шекті уақыты – 30 (отыз) минут. Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетуге арналған ең жоғары шекті уақыты – 30 (отыз) минут.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтындрылған)/қағаз түрінде.
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкерінің тегі мен күні көрсетілген қабылдау туралы белгісі бар өтініштің көшірмесі немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады. Порталда – көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама немесе көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	Көрсетілетін қызмет беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00 – ден 14.30 – ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30 – ға дейін. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі: өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Портал: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекен-жайлары Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында: www.gov.kz/entities/msm "Қызметтер" бөлімінде орналастырылған.
8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне: мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлері бойынша:

